

С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 2020-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ СТРАТЕГИЯСЫ

УНИВЕРСИТЕТ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯСЫНЫҢ МИССИЯСЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің (бұдан әрі – ҚАТУ) интернационалдандыру стратегиясы әзірленді және ҚАТУ-дың 2020-2024 жылдарға арналған Даму бағдарламасына енгізілді. ҚАТУ интернационалдандыру стратегиясы 2020-2024 жылдары университет алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесуге бағытталған.

ҚАТУ миссиясы – өмір сапасын жақсарту, еңбек өнімділігін және АӨК және Қазақстан экономикасының басқа да салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін алдыңғы қатарлы білімді іске қосу, қолдану, енгізу және тарату.

ҚАТУ-дың 2024 жылға дейінгі стратегиясы – бірегей оқу бағдарламалары мен академиялық ұтқырлық негізінде оқу деңгейін, мазмұнын, нысаны және мерзімін таңдаудың кең мүмкіндіктерін ұсына отырып, мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрларды озық даярлау жүйесінің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін Қазақстанда үздік құрылым болу.

ҚАТУ басым міндеттерді бірлесіп қоюдан бастап, ғылыми нәтижелерді тәжірибеге енгізуге дейінгі барлық кезеңдерде түлектерге жұмыс берушілермен және ғылыми әзірлемелерді тұтынушы ұйымдармен ынтымақтастықты басым тәртіпте дамытатын болады.

Стратегиялық мақсаттарға қол жету мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылатын болады:

- ҚАТУ-ды дербес білім беру ұйымына қайта ұйымдастыру;
- профессорлық-оқытушылық құрамның, әкімшілік және қосалқы қызметкерлердің жоғары біліктілігіне қол жеткізу және қолдау;
- Қазақстан үшін неғұрлым басым бағыттар бойынша озық білім мен технологияларды енгізу, ғылыми зерттеулерді кеңейту;
- отандық және шетелдік жетекші профессорлар мен ғалымдардың, жұмыс берушілердің қатысуымен жүргізілген дербес ғылыми нәтижелер негізінде әзірленген бірегей білім беру оқу бағдарламаларын енгізу арқылы білім беру процесін жаңғырту;
- расширение международного сотрудничества с ведущими в мире исследовательскими университетами и научными центрами в рамках академической мобильности, научно-исследовательских и инновационных проектов;
- әлемде жалпы қабылданған стандарттарға сәйкес түлектерді даярлау және жетіспейтін құзыреттіліктерді трансферттеу мақсатында ағылшын тіліндегі тілдік ортаны қалыптастыру және көптілді оқытуды дамыту;
- академиялық ұтқырлық, ғылыми-зерттеу және инновациялық жобалар аясында әлемдік жетекші зерттеу университеттермен және ғылыми орталықтармен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
- оқу үрдісін, білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның тұрмыстық жағдайларын жақсарту үшін білім беру, ғылыми-зерттеу, өндірістік-эксперименттік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту және кеңейту;
- жан-жақты дамыған, креативті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған азаматтық-тәрбие және мәдени жұмысты үнемі өзектендіру;
- ҚАТУ беретін білімнің элиталығы мен беделі туралы қоғамда тұрақты пікір қалыптастыру.

ҚАТУ ДАМУЫНЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ:

1. Білім беруді интернационалдандыру саласында:

- университеттің білім беру үдерісінде Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің құралдарын жүйелі жүзеге асыру;
- экономиканың нақты секторының сұраныстары мен талаптарын ескере отырып, Еуропалық білім беру кеңістігіне кірігу үшін Білім беру жіктемесінің Халықаралық Стандартына (БЖХС 2013) сәйкес даярлау бағыттары бойынша Білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүйелі жүргізу;

2. Ғылыми зерттеулерді интернационалдандыру саласында:

- оқытушыларды, докторанттарды, магистранттарды және студенттерді ғылыми зерттеулер жүргізуге тарту, олардың отандық және шетелдік қорлар мен ұйымдардың ғылыми жобалар конкурстарына кеңінен қатысуын қамтамасыз ету;
- жоғары импакт-факторлы рейтингтік ғылыми басылымдарда жарияланымдар санын арттыру жолымен ғылыми қызметтің ғылыми өлшем көрсеткіштерін арттыру.

3. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту саласында:

- халықаралық еңбек нарығында түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- халықаралық нарықта университеттің танымалдығын арттыру;
- білім беру және ғылыми зерттеулер саласында университеттің интернационалдану дәрежесін дамыту (*шетелдік студенттерді қабылдау, алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру, сондай-ақ жеке студенттік ұтқырлықты ұйымдастыру (білім алушылардың сыртқы академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру туралы ереже); оқытушылармен алмасу, бірлескен оқу және ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен тағылымдамаларды құру және өткізу, интенсивті тілдік курстар мен жазғы мектептерді ұйымдастыру (ПОҚ-тың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру туралы ереже), (Шетелдік оқытушыларды тарту туралы ереже); мәдениетаралық коммуникация элементтерін ескеретін жаңа бағдарламалар мен курстар әзірлеу;*
- білім беру қызметтерінің, сондай-ақ ғылыми өнімдер мен қызметтердің көлемін арттыру (*шет тілдерін оқыту; қашықтықтан оқытуды қоса алғанда жаңа технологияларды пайдалану; ағылшын тілінде оқытылатын пәндердің санын арттыру (ҚАТУ-да көптілді білім беруді ұйымдастыру туралы ережесі бар);*
- университеттің халықаралық қызметін басқару жүйесін жетілдіру (*білім беру үдерісінің сапасын мойындау және бағалау, сертификаттау мәселелері: білім туралы құжаттарды мойындау, білім беруде халықаралық стандарттар жүйесін енгізу).*

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
1	БІЛІМ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯСЫ			
1.1.	Университеттің білім беру үдерісінде Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің құралдарын жүйелі жүзеге асыру	2020-2024	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары; Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры; Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің бастығы; ЕО Эразмус+ PAWER жобасының үйлестірушісі	«Аймақаралық ұтқырлыққа жол сала отырып, сапа мен қолжетімділік теңдігі мен сәйкестігін қамтамасыз ету» ЕО Эразмус+ PAWER " жобасы шеңберінде әзірленген ECTS-қа сәйкес сынақ бірліктеріндегі (бағалау) білім беру процесі еңбек сыйымдылығын реттейтін өлшемді нормативтік-құқықтық актілерге енгізу үшін ҚАТУ

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
				<u>ұсыныстары</u>
1.2	Экономиканың нақты секторының сұраныстары мен талаптарын ескере отырып, Еуропалық білім беру кеңістігіне кірігу үшін Білім беру жіктемесінің Халықаралық Стандартына (БЖХС 2013) сәйкес даярлау бағыттары бойынша Білім беру бағдарламаларын (ББ) әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүйелі жүргізу;	2020-2024	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары; Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (АМД) директоры; Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің бастығы; Халықаралық ынтымақтастық және көптілді білім беруді дамыту орталығының директоры (ХЫЖКТБДО)	Нақты ауыл шаруашылығы (NICOPA); биоресурстарды басқару (SUSDEV); ауыл шаруашылығы мен ауылдық аумақтарды тұрақты басқару (SARUD); шикізатты және биоотын өндірісін терең өңдеу (ASIAxis) бойынша ЕО Эразмус+ жобаларын іске асыру тәжірибесін ескере отырып, бакалаврлар мен магистранттарға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңғырту
1.3	Әлемдегі аграрлық бейіндегі жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының бірі болып табылатын UC Davis моделі бойынша профессорлар мен сарапшылардың қолдауымен ҚАТУ-да зерттеу университетіне реформалау бойынша іс-шаралар әзірленетін және іске асырылатын болады.	2020-2024	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары; Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры; Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің бастығы; ХЫЖКТБДО директоры	2014 жылғы 28 маусымдағы ҚАТУ және UC Davis Ынтымақтастық туралы келісімдегі қолданыстағы мәртебені қолдау
1.4	Білім беру процесін жаңғырту шеңберінде AgroParisTech-пен бірлесе отырып, төмендегі мамандықтары бойынша магистратураның қосдипломды бағдарламалары әзірленеді: (1) топырақтану (2) мал шаруашылығы (3) өсімдік қорғау	2020-2024	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары; Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; АМД директоры; Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің бастығы; ХЫЖКТБДО директоры	AgroParisTech-пен бірлесе отырып, магистратураның кемінде бір қосдипломды бағдарламасын іске асырудың басталуы
1.5	Вайенштефан–Триздорф Қолданбалы ғылымдар университетімен (Германия) және Милан университетімен (Италия) бірлесе отырып, қосдипломды білім бойынша жұмыстар	2020-2024	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары; Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; АМД директоры;	"Аграрлық менеджмент" және "Ақпараттық технологиялар" бағыттары бойынша қосдипломды білім беру бағдарламасын іске асыру»

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
			Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің бастығы; ХЫЖКТБДО директоры	
1.6	Технологияларды тасымалдаушы – академиялық және академиялық емес серіктестермен бірлесіп халықаралық құзыреттілік орталықтарын құру. Кейіннен ғылыми-зерттеу және білім беру қызметінде қолдану мақсатында зерделенетін технологиялар негізінде жатқан білім мен инновацияларды игеруге баса назар аударылатын болады. ҚАТУ кампустары мен технологиялық платформалары халықаралық орталықтар құруға негіз болады. Әлеуетті серіктестерді іздеу және тарту үшін ҚАТУ-мен ынтымақтасатын шетелдік университеттер мен ғылыми ұйымдардың серіктестік байланыстары, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы шет елдердің дипломатиялық өкілдіктерінің ресурстары пайдаланылатын болады.	2020-2024	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары; Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Экстеншн орталығының директоры	Алынған нәтижелер практикаға енгізілетін болады: (1) тиісті модульдерді ҚАТУ білім беру бағдарламаларына енгізу, (2) игерілген құзыреттер негізінде қызмет көрсету және (3) білімді тарату жүйесі шеңберінде бағдарламаларды іске асыру. "Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту" ЕС Эразмус+ SUSDEV жобасы шеңберінде «Сары-Арқа» OFӨК негізінде "Green Skills" біліктілікті арттыру орталығының жұмысын жандандыру (ҚАТУ БАИ арқылы жұмыс берушілер үшін біліктілікті арттыру курстары)
1.7	Ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларының санын арттыру. Қазіргі уақытта ҚАТУ ағылшын тілінде 116 пәнді ұсынып отыр.	2020-2024	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары; Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; АМД директоры; Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің бастығы; ХЫЖКТБДО директоры	Бағдарлама аясында ағылшын тілінде оқыту сапасына баса назар аударылатын болады, ал оқытылатын пәндер саны 120-ға дейін артады. Сәйкесінше, оқытылатын пәндердің кеңеюіне қарай алыс шетелдерден білім алушылар саны ұлғаяды.
2	ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ			
2.1	Университеттің халықаралық бағдарламалар мен ғылыми жоба-	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық бай-	Университеттің жыл сайын кем дегенде 2 жобаға қатысуы

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
	ларды орындауға қатысуын қамтамасыз ету		ланыстар жөніндегі орынбасары; Ғылым департаментінің директоры	
2.2	Магистранттар мен докторанттарды халықаралық ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысуға тарту	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; Ғылым департаментінің директоры	Кем дегенде 2 жас ғалымның халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына тартылуы
2.3	Жоғары импакт-факторлы рейтингтік журналдарда, оның ішінде Web of Science және Scopus реферативтік деректер базасына кіретін басылымдардағы ғылыми жарияланымдар санын арттыру	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; Ғылым департаментінің директоры	Ғылыми жарияланымдар санын арттыру
2.4	Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың халықаралық және республикалық олимпиадаларға, конференцияларға, семинарларға және ғылыми жұмыстар конкурстарына қатысуы	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; Ғылым департаментінің директоры; Факультет декандары	Жыл сайын қатысушылардың санын арттыру
3	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ			
3.1	Университет порталының белсенді жұмысын пайдалана отырып, ҚАТУ-ды шетелде насихаттау, сондай-ақ әлеуметтік желілерде жарияланымға белсенді қатысу	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары	Порталда жаңа бөлімдерді құру, пайдаланылатын шетел тілдерінің санын ұлғайту, ақпаратты тұрақты өзектендіру
3.2	Әлемдік аграрлық ғылым жүйесіндегі ҚАТУ беделін жақсарту үшін серіктес ұйымдармен бірлесіп ғылым мен технологияларды дамытудың неғұрлым өзекті бағыттары бойынша жылына кем дегенде бір халықаралық конференция өткізілетін болады.	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары	2023 жылдан бастап конференциялар толығымен ағылшын тілінде өткізіледі.
3.3	Халықаралық ынтымақтастық бағыттары бойынша басқару құрылымдарын жетілдіру	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры	Факультеттерде, кафедраларда және құрылымдық бөлімшелерде халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және халықаралық бағдарламалар мен жобалар

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
				шеңберіндегі жұмысқа жауапты тұлғаларды анықтау
3.4	Еуропа, АҚШ, Австралия, Канада, Оңтүстік-Шығыс Азия және ТМД елдерінің дәстүрлі серіктестерімен ынтымақтастықты жалғастыру. Олармен ынтымақтастық нақты, өзара қызығушылық тудыратын салаларда нақты ғылыми-зерттеулер немесе академиялық міндеттермен шоғырланатын болады	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары	Ынтымақтастық туралы жасалған халықаралық келісімдердің жалпы санында белсенді іс-қимылдарды жүзеге асыратын ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдердің үлесі – 2024 жылы кемінде 25%.
3.5	ҚАТУ-да құрылатындай ортасы бар серіктес университеттерден (Visiting Professor) оқытудың практикалық тәжірибесі бар шетелдік профессорларды шақыру, бұл реформалауды барынша жеделдетеді және бірнеше нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді: а) шетелдік әріптестермен бірлескен жұмыс барысында ҚАТУ ПОҚ біліктілігін арттыру арқылы өз құзыретін жасау; б) ҚАТУ-да қажетті құзыреттіліктің болмауы себебінен бұрын шешілмеген міндеттерді шетелдік профессорлардың шешуі; шетелдік профессорлардың беделі мен байланыстары есебінен әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне кірігу	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары	2020-8, 2021-21, 2022-27, 2023- 30, 2024-28
3.6	ҚАТУ ПОҚ-ын шетелдік серіктес-университеттерге сабақ беруге жолдау. Серіктестік байланыстарды тереңдету, халықаралық тәжірибе және шетелдік тілдік ортада болу тәжірибесін алу мақсатында ҚАТУ	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары; ХСЖҚБД директоры	2020- 2, 2021-3, 2022-5, 2023-7, 2024-10

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
	<p>ПОҚ-ының жекелеген пәндер курстарын оқу үшін серіктес университеттерге бағыты кеңейтілетін болады. Аталмыш қызметті қаржыландыру көздері шетелдік серіктес университеттердің, шетелдік және халықаралық бағдарламалардың қаражаты есебінен, сондай-ақ ҚАТУ ПОҚ-ты шетелге жіберуге өзі ниетті болған жағдайда – ҚАТУ-дың меншікті қаражаты есебінен болады.</p>			
3.7	<p>Қосымша білім мен құзыреттілікке қол жеткізу мақсатында білім алушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейту, оның ішінде келесі бағыттарда:</p> <p>а) серіктестердің - ұйымның ресурстарын өзара ұсыну негізінде білім беру процесінің бір бөлігін олардың базасына көшіре отырып (QS секторалды рейтингте ТОП – 20-ға кіретін университеттерге басымдық беріледі), отандық және шетелдік университеттермен бірлескен қосдипломды білім беру бағдарламалары;</p> <p>б) білім алушыларды бір толық академиялық кезеңге серіктес-университеттерге (UC Davis және AgroParisTech-ке басымдық беріледі) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бағдарламасының немесе жаңа бюджеттік бағдарламаның (немесе мемлекеттік білім беру грантының (құнын ұлғайту есебінен) қаражаты</p>	2020-2024	<p>Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары; АМД директоры; Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің бастығы</p>	2020-16, 2021-31, 2022-39. 2023-47. 2024-49

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
	<p>есебінен, қажет болған жағдайда ішінара ҚАТУ-дың немесе білім алушылардың өз қаражаты есебінен қоса қаржыландыра отырып, оқуға жіберу;</p> <p>в) ҚАТУ және қабылдаушы университеттің әрбір нақты жағдайды өздері айқындай отырып, білім алушылармен бірдей жағдайларда өзара алмасу жолымен білім алушыларды бір семестрге таяу шетел университеттеріне, көбінесе ЕЭО елдеріне оқуға жіберу;</p> <p>г) білім алушылармен бірдей жағдайда өзара алмасу жолымен немесе ҚАТУ-дың немесе білім алушылардың өз қаражаты есебінен ақылы негізде білім алушыларды сәйкес бейіні бойынша бір семестрге жетекші отандық университеттерге оқуға жіберу;</p> <p>д) сәйкес бейіндік пәндер бойынша белгілі бір, аяқталған тақырыптарды зерделеу мақсатында алдын ала келісілген бағдарламалар бойынша магистранттардың қысқа мерзімді тағылымдамалары: (1) шет тілін меңгеру деңгейі және үлгерімі жоғары магистранттар үшін – шетелде, (2) қалған магистранттар үшін-Қазақстан Республикасында.</p>			
3.8	Білім және ғылым саласындағы шетелдік көрме-жәрмеңкелік шараларға қатысу	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры	Жыл сайын халықаралық ғылыми-білім беру іс-шараларына қатысу
3.9	Университеттің халықаралық	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары	Университеттің жыл сайын халықаралық

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
	бағдарламаларды, жобаларды, келісімшарттарды жүзеге асыруға қатысуы және шетелдік білім беру мекемелерімен және ғылыми-зерттеу ұйымдарымен, оның ішінде HORIZON 2020; Эразмус+ ("Жоғары білім әлеуетін арттыру", "Халықаралық кредиттік ұтқырлық", Неміс академиялық алмасулар қызметі (DAAD), Түрік халықаралық ынтымақтастық агенттігі (ТИКА), Америка халықаралық ынтымақтастық агенттігі (USAID)) бірлесе отырып, басқа да шаралар өткізуі		циялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары	бағдарламалар конкурсына қатысуы
3.10	- бірлескен білім беру бағдарламалары мен жобаларын құру; - университет қызметкерлері мен білім алушыларының халықаралық бағдарламалар мен жобаларға, олимпиадаларға, чемпионаттарға, фестивальдарға және т.б. халықаралық шараларға қатысуы үшін жағдай жасау.; - үшінші тараптарды (халықаралық бағдарламалар, жобалар, стипендиялық қорлар, демеушілік көмек, т. б.) қаржыландыруға тарту; - тәжірибеден/тағылымдамадан өту үшін орын беруге қабілетті жеке сектор кәсіпорындарымен өзара қызметті (әрекетті) дамыту есебінен қызметкерлер мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын арттыру	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары	Академиялық ұтқырлық жобаларына қатысатын ҚАТУ қызметкерлері мен білім алушыларының санын жыл сайын арттыру
3.11	Шетелдік азаматтар қатарынан білім алушылар санын ұлғайту	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары;	Университетте білім алушылардың жалпы санынан шетелдік білім алушылар санының 10%-ға дейін өсуі

№ р/с	Бөлімдер мен іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Жауаптылар	Болжамдық көрсеткіштер
			ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары; Қабылдау комиссиясы	
3.12	Білім беру қызметтерін жылжытудың маркетингтік стратегиясы үшін Brand Book әзірлеу	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры	Таяу және алыс шет елдер бойынша маркетингтік стратегия шараларын жүзеге асыру
3.13	Білім беру қызметтерінің, оның ішінде ағылшын тілі спектрін кеңейту	2020-2024	Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Агрономиялық факультет деканы; Техникалық факультет деканы; ЖРБАЖД факультетінің деканы	Ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу. "Сары - Арқа" ОӘОК базасында орман шаруашылығы бойынша жазғы мектепті жүзеге асыру - жыл сайын; "Нақты ауыл шаруашылығы бойынша жаңа және инновациялық курстар" ЕО Эразмус+ NISORA жобасы шеңберінде жазғы мектеп - 2021 ж.
3.14	Вайенштефан–Триздорф қолданбалы ғылымдар университеті, ЛОГО фермерлер одағы, DEULA біліктілікті арттыру орталығы (Германия); Анже Жоғары ауыл шаруашылығы мектебі (Франция) бағдарламалары бойынша студенттердің шетелдік тәжірибеге қатысуы	2020-2024	Басқарма төрағасының бірінші орынбасары; Басқарма төрағасының Ғылым, инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары; ХЫЖКТБДО директоры; Факультет декандары	Жыл сайын әр бағдарлама бойынша кем дегенде 10 студенттің қатысуы